

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің
«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижелері
бойынша талдамалық
АНЫҚТАМА

Шәуілдір ауылы

2025 жыл

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК (бұдан әрі – кәсіпорын) директоры 2025 жылғы «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №27-н/қ бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицері Әметбекова А, 2025 жылдың 29 мамыр – 29 маусым аралығында кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қолданыстағы нормативтік құжаттарға сүйене отырып, 2025 жылдың I жартыжылдығына ішкі талдау жұмыстарын жүргізді.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Төрағасының 2023 жылғы 22 желтоқсан №964 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

**1. КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІН ҚОЗҒАЙТЫН НОРМАТИВТІК
ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ**

Кәсіпорында басшылық пен бақылауды жүргізу, жұмысты ұйымдастыру бойынша 2 бірлік директордың орынбасары лауазымы және 9 құрылымдық бөлімше бар. Олар:

1. Әкімшілік бөлімі;
2. «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау» ғылыми-зерттеу бөлімі;
3. «Археология» ғылыми-зерттеу бөлімі;
4. «Этнография, әдебиет және өнер» ғылыми-зерттеу бөлімі;
5. «Қор сақтау» ғылыми-зерттеу бөлімі;
6. «Реставрация және консервация» ғылыми-зерттеу бөлімі;
7. Мәдени-көпшілік іс-шаралар және қоғаммен байланыс бөлімі;
8. Әкімшілік-шаруашылық бөлімі;
9. Қызмет көрсету және пайдалану бөлімі

Кәсіпорындағы директордың орынбасары лауазымдық міндеттерінде белгілі бір функцияны атқару көрсетілген. Директордың ғылыми істер

жөніндегі лауазымында мекеменің қаржылық, шаруашылық, әкімшілік және ғылыми істерін ұйымдастыру мен жұмыс көрсетілген. Ал, директордың әкімшілік - шаруашылық істері жөніндегі орынбасарында кәсіпорынның шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру көрсетілген.

БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ

2.1. Персоналды басқару (Кадр), соның ішінде кадрлардың ауысуы бойынша:

Кәсіпорында 76,5 штаттық бірлік бар. Оның ішінде басқарушы персонал – 10 бірлік, негізгі персонал – 32,5 бірлік, әкімшілік персонал – 10 бірлік, қосалқы және техникалық қызмет көрсетуші персонал – 24 бірлік.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау барысында Конституциясы, Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №209 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі «Барлық қызмет салаларына ортақ мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №775 бірлескен бұйрығына сәйкес бекітілген біліктілік талаптарына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерде көрсетілген нормалар сақталған.

Кәсіпорында 2025 жылыдың қаңтар-маусым аралығында 138 рет жеке құрам бойынша, 40 рет негізгі құрам бойынша бұйрық шығарылған.

Жылыту маусымының тоқталуы туралы жұмыстан босату туралы 6-бұйрық шығарылды. Еңбек шартының алдын ала тоқтатуы туралы хабарлама хаттар берілді.

Ақылы шотқа қызмет көрсету келісім шарт бойынша мерзімді уақытпен 12 жұмысшы, халықты жұмыспен қамту 20-20 бағдарламасымен 23 жұмысшы қызметкерлер қабылданып, еңбек шарттары түзеліп электронды жүйеге тіркелінді.

Іс-сапарға жіберу, қызметкерлерді кезекті еңбек демалысына жіберу, ақысыз демалысқа жіберу, декреттік демалысқа жіберу туралы 105 бұйрық шығарылды.

Қызметкерлердің айлық жалақысы мен көтермелеулері туралы ақпараттар ашық жүргізіліп, қызметкерлерге мәлімет беріледі.

Тәртіптік жазалар ҚР нормативтік құқықтық актілерде көрсетілген ішкі еңбек тәртібіне сәйкес жүргізілген. 2025 жылы еңбек тәртібіне қатысты кемшіліктер болмаған, тәртіптік шаралар қолданылмаған.

Кәсіпорында заңнаманың бұзылуы мен жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын бұзу мен шектеуді жасаған немесе жол беру орын алмаған.

2.2. Ішкі құжаттар реттеу бойынша

Кәсіпорынға келген шыққан құжаттардың барлығы арнайы кіріс-шығыс журналына тіркелген. 6 айда кәсіпорынға 201 құжат (хаттар, тапсырмалар, бұйрықтар) келіп түскен. Кәсіпорыннан 202 құжат (хаттар, жауаптар) шыққан. Е өтініш бойынша 2 өтініш болған, «Unipart» ЖШС-дан арнайы коммерциялық ұсыныс түскен, жауабы уақытылы орындалды. Екінші өтініш хат иесі өз хатын қайта қайтарып алған. Ішкі құжаттардың барлығы құқықтық реттелген, олқылықтар жоқ. Ішкі құжаттарды талдау объектісінің лауазымды адамының, шешім қабылдауының толық негіздері мен тәртібі белгіленген. Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.3. Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша:

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы (*мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін мемлекеттік қызметшінің жеке мүдделері мен оның лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық*) анықталған жоқ.

Кәсіпорында мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін саясат әзірленіп бекітілген. Мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелген тұлға бар. Мүдделер қақтығысын мониторингтеу және реттеу бойынша кәсіпорында мүдделер қақтығысы анықталмады.

Кәсіпорында әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарлы көрсеткіштер арасында, реттеуші және бақылаушы функциялар арасында қайшылықтар анықталмады.

Кәсіпорында мүдделер қақтығысы бойынша талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау кезеңінде мүдделер қақтығысы фактісі анықталмады.

Кәсіпорында басшылықтың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттейтін талаптар көрсетілген.

2.4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша:

Кәсіпорында қызмет көрсетудің нақты процестері белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Қызметтер көрсетудің мерзімдерін бұзу, құқықтық актілер көзделген құжаттар талап ету, қызметтер көрсету рәсімдерінің тәртібін бұзу фактілері орын алмаған. Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қайшылықтар орын алмаған. Ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде белгіленген тәртіпті бұзуға жол берілмеген. Жаңа құқық актіні бекітпей-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларды жоюға, қызмет көрсетуді реттейтін құқықтық актіні тым ұзақ қабылдау, жасырын мемлекеттік қызмет көрсету фактілері орын алмаған. Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.5. Рұқсат беру функцияларын іске асыру бойынша:

Кәсіпорынмен рұқсат беру функцияларын іске асыру тәртібі бекітілген. Рұқсат беру функцияларын іске асырудың нақты рәсімдерінің құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Рұқсат беру функцияларын іске асыру кезінде тәртіп бұзу фактілері анықталған жоқ. Жалпы рұқсат етуші функцияларын жүзеге асырумен басланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.6. Бақылау функцияларын іске асыру бойынша:

Тоқсан бойынша бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін бұзу, құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап ету, бақылау іс-шараларын жүргізу, рәсімдерін бұзу, ақпараттық жүйелерді пайдалану негізінде бақылау іс-шараларының процестерін қолмен түзету, тексеру парағы талаптарының негізсіздігі, бланкілер мен нұсқамаларды белгіленбеген орындарда сақтау фактілері орын алмаған. Тексеру іс-шараларын жүргізуге уәкілетті адамдардың өкілеттіктерінің, бақылау объектілерін іріктеу критерилерінің іс-шараларының нәтижелері бойынша шешім қабылдаудың, бақылау іс-шараларын тоқтата тұру немесе ұзарту рәсімдері ішінара реттелуде. Жоғары тұрған органның тапсырмалары негізінде бақылау іс-шаралары жүргізіліп отырған. Бланкілер мен нұсқамаларды, ұйғарымдарды есепке алып, белгіленген орында сақтаушы жауапты адам бар. Ведомстволық актілер мен бланкілерді есепке алу бойынша тиісті регламент бар. Құқықтық статистика органдарымен салыстыру жүргізіліп отырады. Бақылау функцияларды жүзеге асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша

2025 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары кәсіпорын директорымен бекітілген. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша жұмыстар атқарылған.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар кәсіпорын директордың лауазымдық міндетіне кіргізілген. Кәсіпорын директоры өз кезегінде кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты бекіткен. Іс-шаралар жоспарын әзірленіп, бекітілген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау объектісі қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру, оқыту, әдістемелік көмектер беру, білімін жетілдіру және т.б. шаралары жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау объектісі қызметкерлері кәсіпорын директоры мен директордың екі орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді толық, уақытылы қабылдаған. Шектеулерді

қабылдаған талдау объектісі қызметкерлері тарапынан шектеулерді бұзу фактілері анықталмады.

2025 жылының бірінші жартыжылдығында кәсіпорында талдау объектісі қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған және жауапкершілікке тартылу фактілері анықталып, тіркелмеген.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау тәсілдері мен арналары әзірленіп, сенім жәшігі орнатылған.

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық фактілерін туралы хабарлаған адамдарды заңсыз қудалау, жұмыстан шығару немесе өзге де қысым көрсету шараларының алдын алу тетіктері әзірленген. Кәсіпорында қызметкерлердің құқықтарын қорғайтын және өзге де мәселелер бойынша реттейтін келісім комиссиясы жұмыс істейді. Сонымен қатар, ҚР нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүгіну шаралары қарастырылған.

Талдау объектісі қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипатындағы заңсыз іс-әрекеттер туралы жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түспеген.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты бойынша:

Бюджеттік және қаржы қаражатын игеру және бөлу, оның ішінде субсидиялар, гранттар, сыйақылар, демеушілік көмектер, мемлекеттік сатып алу және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша Кәсіпорынға 2025 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығына сәйкес 85 % (пайыз) көлемінде, яғни 185 451,0 мың теңге бөлінген. Кәсіпорын сонымен қатар, ақылы қызмет көрсетуден 24 497,1 мың теңге тапқан. Сондай-ақ, Кәсіпорынға қайырымдылық пен демеушілік көмек көрсетуден 16 405,0 мың теңге қаржы түскен.

2025 жылы Кәсіпорынға мемлекеттік грант тағайындалмаған. Нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бюджетке төленетін салықтар мен өзге де төлемдер уақытылы аударылып отырған.

Кәсіпорын бюджетін игеру бойынша жұмыс ҚР нормативтік – құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен игеріледі. Бюджетті бекіту және қаражатты игеру бойынша шешім қабылдайтын алқалы орган Мәдениет комитеті болып белгіленген. Кәсіпорын бюджеті кәсіпорының ұсынысы негізінде әзірленіп, құрылтайшы, яғни Мәдениет комитеті тарапынан бекітіледі.

Есептілік түрлерінің, мониторинг тетіктері, бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу рәсімдері ішкі және сыртқы бақылау бойынша кәсіпорын тарапынан есептілік түрлері әрдайым уақытылы тапсырылған. Бюджет қаражатын мониторингтеу тетігі құзырлы органдар тарапынан жүргізіледі. Бюджет қаражатын ішкі және сыртқы бақылау тиісті мекемелер тарапынан жүргізіліп отырады.

Кәсіпорнының тарихи-мәдени нысанындарына кіру билетін сату POS-терминал эквайринг желісі арқылы атқарылуда. Сонымен қатар төлем

қабылдау QR-кодпен, электронды кассалық аппаратпен де қатар жүргізілуде. Электронды кассалық аппарат ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы, Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген, яғни қолма-қол ақша төлеуден түскен қаражат сомасы ашық көрсетіліп жүргізіледі.

Сонымен қатар, бюджет қаражаты мен ақылы қызметтен түскен қаражат есебінен тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434 Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алуларды ішкі талдау барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығы басшылыққа алынды.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың талаптары, оның ішінде көзделген тауарларды жеткізілуі, жұмыстардың орындалуы және қызметтер көрсетулері әлеуетті өнім берушілер тарапынан дер кезінде орындалған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 41-бабының 2-тармағына сәйкес мекеме тарапынан бір көзден алу тәсілімен тікелей жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың есебі уақтылы мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылып отырған.

Кәсіпорын тарапынан басшылық қызметшілердің (директор, 2 директор орынбасары) жыл сайынғы салық органдарына табысын жариялау бойынша 2025 жылғы декларациялар уақтылы тапсырылған.

Есептік кезеңде кәсіпорын қызметшілері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық және қылмыстық жауаптылық фактілері орын алған жоқ.

Бюджеттік қаражаттарды игеру және бөлу бағыты

Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының тарихи-мәдени мұраларды сақтау, пайдалану және насихаттау ісінде пайда болатын барлық шығындарының 85 % (пайызын) өтеуге, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығына сәйкес, республикалық бюджеттен субсидия бөлінеді. Қалған 15 % (пайызды) кәсіпорын өз қаражаты есебінен, яғни ақылы қызмет көрсетуден қарастырады.

Кәсіпорнының тарихи-мәдени нысанындарына кіру билетін сату POS-терминал эквайринг желісі арқылы атқарылуда. Сонымен қатар төлем қабылдау QR-кодпен, электронды кассалық аппаратпен де қатар жүргізілуде. Электронды кассалық аппарат ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Түркістан облысы, Отырар ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген, яғни қолма-қол ақша төлеуден түскен қаражат сомасы ашық көрсетіліп жүргізіледі.

Сонымен қатар, бюджет қаражаты мен ақылы қызметтен түскен қаражат есебінен тауарларды, қызметтерді және жұмыстарды сатып алу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434 Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алуларды ішкі талдау барысында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығы басшылыққа алынды.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың талаптары, оның ішінде көзделген тауарларды жеткізілуі, жұмыстардың орындалуы және қызметтер көрсетулері әлеуетті өнім берушілер тарапынан дер кезінде орындалған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 41-бабының 2-тармағына сәйкес мекеме тарапынан бір көзден алу тәсілімен тікелей жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың есебі уақтылы мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылып отырған.

Мекемеге ақылы қызмет етуден түскен қаржыны үнемдей отырып наурыз мерекесіне орай мекеме директорының бұйрығымен және мекеменің қаржылық ережесіне сәйкес мекеменің барлық қызметкерлеріне бір көлемде қаржылай сыйақы берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» №350 Заңына сәйкес орындалуына ішкі талдау нәтижесінде: 2025 жылдың 6 айында жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түспеген.

Сонымен қатар, кәсіпорында 8 72 544 21 4 53, «сенім телефоны» жұмыс істейді.

Кәсіпорында жасырын мемлекеттік көрсетілген қызметтер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қортындысы.

- 1.Қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.
- 2.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.
- 3.Персоналды басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.
- 4.Мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.
- 5.Мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.
- 6.Рұқсат етуші функцияларын жүзеге асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7.Бақылау функцияларын жүзеге асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8.Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі басқа да мәселелерге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

9.Қаржылық-шаруашылық қызметімен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

10. Кәсіпорында жасырын мемлекеттік көрсетілген қызметтер анықталған жоқ.


1) Жұмыс тобының төрағасы

2) Төраға орынбасары

3) Комиссия мүшесі

4) Комиссия мүшесі

5) Комиссия мүшесі



А.Әметбекова

Е.Шоқай.

С.Пәрменқұл.

Б.Сұлтанмұратов.

А.Жүсіпқызы.